

**Г.К. Джумажанова<sup>1</sup>, А.А. Мамбет<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті  
Қазақстан, Семей қ.  
e-mail: [dariya69@mail.ru](mailto:dariya69@mail.ru)

## **ОТБАСЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Қоғамдағы әлеуметтік, мәдени экономикалық жаңғырулар, әр түрлі сипаттағы әлемдік деңгейдегі ақпарат алмасу, отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас сипатына да өз әсерін тигізіп отыр. Автор мақалада қазіргі аналардың көпшілігі жұмыс жасайтын болғандықтан бала уақытының көбін пассивті тәрбиешілермен өткізетіндігін алға тартуда. Отбасы психологиясы саласында практикалық білімдерді қолдану отбасы психологы мен отбасына кеңес беруші қызметінің түрлеріне тоқталып, сипаттаған. Отбасындағы ең басты іс-әрекет ол ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас. Қарым-қатынас – адамзат өмірінің аса маңызды және негізгі сферасы болып, соның нәтижесінде тұлғааралық байланыс орнығып, өзара мәміле қалыптасып дамиды. Қарым-қатынас дегеніміз өзара пікір алмасу, сезім әлемінде бірлесіп ләззат алу, қайғы, қуанышта ортақтас болу сенімді кең ауқымды эмоция спектрлерін қамтиды.

**Түйін сөздер:** отбасы, отбасы қызметі, отбасы психологиясы, ата-ана, қарым-қатынас, үйлесімділік.

**Г. К. Джумажанова<sup>1</sup>, А. А. Мамбет<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет  
Казахстан, г. Семей  
e-mail: [dariya69@mail.ru](mailto:dariya69@mail.ru)

## **Психологические основы проблемы семьи**

Социальные, культурные экономические преобразования в обществе, обмен информацией на мировом уровне различного характера, влияют и на характер взаимоотношений между членами семьи. Автор в статье утверждает, что большинство современных мам проводят большую часть своего детского времени с пассивными воспитателями, так как они работают. Применение практических знаний в области психологии семьи остановился и описал виды деятельности семейного психолога и семейного консультанта. Главное занятие в семье это отношения между родителем и ребенком. Общение является важнейшей и основной сферой человеческой жизни, в результате которой устанавливаются межличностные контакты, складываются и развиваются взаимные сделки. Общение включает в себя широкий спектр эмоций, в которых доверительно обмениваться мнениями, совместно наслаждаться в мире чувств, делиться в горе, радости.

**Ключевые слова:** семья, семейная деятельность, психология семьи, родители, отношения, гармония.

**G. K. Dzhumazhanova<sup>1</sup>, A. A. Mambet<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Kazakhstan humanitarian and Law Innovation University  
Kazakhstan, Semey  
e-mail: [dariya69@mail.ru](mailto:dariya69@mail.ru)

## **Psychological foundations of family problems**

Social, cultural and economic transformations in society, the exchange of information at the global level of various types, affect the nature of relationships between family members. The author in the article claims that most modern mothers spend most of their childhood time with passive caregivers, as they work. The application of practical knowledge in the field of family psychology stopped and described the activities of a family psychologist and a family consultant. The main occupation in the family is the relationship between parent and child. Communication is the most important and basic sphere of human life, as a result of which interpersonal contacts are established, mutual transactions are formed and developed. Communication includes a wide range of emotions in which to exchange opinions confidentially, to enjoy together in the world of feelings, to share in sorrow, joy.

**Keywords:** family, family activity, family psychology, parents, relationships, harmony.

Қазіргі заманда отбасының құрылымы өзгеріп, оның мүшелер саны азайып, бала

саны да кеми түсті. Қоғамдағы әлеуметтік, мәдени экономикалық жаңғырулар, әр

түрлі сипаттағы әлемдік деңгейдегі ақпарат алмасу, отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас сипатына да өз әсерін тигізіп отыр. Қазіргі аналардың көпшілігі жұмыс жасайтын болғандықтан бала уақытының көбін пассивті тәрбиешілермен өткізеді. Бала тәрбиесі қалалық отбасына тән болып отырған келесі ерекшеліктерімен шартталған: балалардың көбісі күннен күнге ұлғайып отырған айырылысулардың нәтижесінде әкесіз немесе анасыз өседі; теледидар, жеке бөлме т.с.с. өркениеттің жетістіктері балалар мен олардың ата-аналарының арасындағы қарым-қатынас процесін қиындатады.

А.Б. Харчев берген отбасы ұғымына түсініктеме неғұрлым жалпылама болып табылады: «Отбасы денелік өмір мен әлеуметтік ағза өмірінің арасында байланыстырушы звено болып табылады [1].

Қазіргі таңда отбасы қызметінің ортақ топтамасы немесе жіктелімі жетік түрде толық жасалмаған. Мысалға, Г.М. Свердлов және В.Л. Ресенцев (1958) отбасының маңызды қызметтеріне ұрпақ жалғастыру, тәрбиелеу, шаруашылық және өзара көмек көрсету қызметтерін айтады.

Э.К. Васильева (1981) өз зерттеулерінде отбасы қызметінің үш тобын қарастырады: шаруашылық-экономикалық, генеративті тәрбиелік, мәдени, репродукциялық. С.Д. Лаптенконың пікірінше, (1967) отбасының маңызды қызметтеріне шаруашылық – тұрмыстық, халықтың көбеюі, өз мүшелерінің демалысын ұйымдастыру, тәрбиелік жатады [2].

70-шы жылдары басты назар отбасындағы қарым-қатынас пен оның тұлға қалыптасу процесінде алатын орны туралы Б.П. Парыгин, А.Г. Харчев. Ол әйел адамның кәсіби іс-әрекетімен отбасы жағдайындағы міндеттерін үйлестіре білу сипаты және де отбасы өміріне қалай ықпал етеді» деген тақырыптарда С. Голод, З. Янкова т.б. зерттеді.

З.И. Файнбург «отбасындағы эмоциялық жағдайлар, олардың отбасы ішілік қатынастың тұрақтылығына

ықпалы, отбасының тұрақтылық жағдайы туралы Ю.Г. Юркевич отбасы мүшелері арасында қысымның бөлу себептерін және А.М. Уматинов және т.б. зерттеді [3].

Отбасы психологиясы саласында практикалық білімдерді қолдану – отбасы психологы мен отбасына кеңес беруші қызметінің келесі түрлерін талап етеді [4]:

- неке, некелік серіктесті таңдау және некелесу мәселелері бойынша психологиялық кеңес беру;
- ерлі-зайыптылық қатынастар мәселелері (диагностика, түзету, алдын алу) бойынша кеңес беру;
- отбасына дағдарыстық жағдаяттарда және ажырасуда психологиялық көмек көрсету;
- бала-ата-аналық қатынастарға кеңес беру, диагностика жүргізу, алдын алу және түзету;
- балалар мен жеткіншектерді тәрбиелеу мәселелері (дамудағы бұзылыстар мен ауытқушылықтарға диагностика жүргізу, алдын алу және түзету) бойынша психологиялық кеңес беру;
- «тәуекелдік топ» балаларын және дарынды балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша психологиялық кеңес беру;
- бала асырау және асыранды балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша психологиялық көмек көрсету;
- «отбасынсыз» (жақындарымен қарым-қатынас депривациясы жағдайындағы) тәрбиеленіп жатқан балалар мен жеткіншектердің дамуындағы ауытқушылықтар мен бұзылыстардың алдын алу;
- нағылеттер жүктілігіне психологиялық кеңес беру және психологиялық қолдау;
- ата-аналардың қалыптасуына психологиялық қолдау көрсету.

Әлеуметтік институт ретіндегі отбасы қызметтерін анықтау көптеген өзгерістерге ұшырады. Қазіргі таңда отбасы – бұл шағын әлеуметтік топ, ерлі-зайыптылық одаққа және туыстық байланыстарға, яғни бірге тұрып, ортақ шаруашылықты жүргізіп жатқан ер мен әйелге, ата-ана мен

балаларға негізделген жеке тұрмыс құрудың маңызды формасы.

Туыстық байланыстардың үш түрі бар: қандас туыстық (ағайындар, апалы-сіңлілер, аға-қарындастар), туылу (ата-ана – бала), некелік қатынастар (ер мен әйел, ерлі-зайыптылар).

Психологиялық-педагогикалық тұрғыда отбасы – бұл ата-ана мен балалар арасындағы, ерлі-зайыптылардың және басқа да отбасы мүшелерінің қарым-қатынасының тарихи жүйесі болып табылады. Қазақ тілі түсіндірмелерінде «Отбасы – өзіне, неке мен қандас туысқа негізделген шағын топ», – деген анықтама берілген.

Отбасы, біріншіден, шағын әлеуметтік топ ретінде қарастырылады және оның қызметі тиімділігі топ ішіндегі коммуникация, яғни отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас, билік және көшбасшылық мәселелеріне, жанжалдарды шешуге, әлеуметтік орталармен топаралық өзара әрекеттесулерге байланысты.

Екіншіден, шағын әлеуметтік топ ретіндегі отбасының ерекше сипаты – жоғары аффективті қарқындылықпен және отбасы мүшелері арасындағы қатынастардың эмоциялық «қанықтылығымен», бір жағынан – махаббатпен, сүйіспеншілікпен, басқа жағынан алғанда – өшпенділікпен, жек көрушілікпен, шеттетілумен байланысты [5].

Отбасы ұғымымен неке ұғымы қатар жүреді. Неке – айрықша әлеуметтік институт, ер мен әйел арасындағы қатынастарды, олардың құқықтарын және бір-біріне және олардың балаларына қатысты міндеттерін әлеуметтік жағынан реттейтін, тарихи қалыптасқан қатынас түрі. Неке – отбасын құрудың негізі. Неке және отбасы – қандас байланыста тұратын адамдар арасындағы байланыстарды реттейтін қоғамдық қатынас түрі, алайда аталған ұғымдар бір-біріне жақын болғанымен, ұқсас ұғымдар болып саналмайды.

Отбасындағы ең басты іс-әрекет ол ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас. Қарым-қатынас – адамзат

өмірінің аса маңызды және негізгі сферасы болып, соның нәтижесінде тұлғааралық байланыс орнығып, өзара мәміле қалыптасып дамиды. Қарым-қатынас дегеніміз өзара пікір алмасу, сезім әлемінде бірлесіп ләззат алу, қайғы, қуанышта ортақтас болу сенімді кең ауқымды эмоция спектрлерін қамтиды. Қарым-қатынас барысында екі не бірнеше тұлға арасында рухани әлем және ой-пікір, сана-сезім, мінез-құлық, қылық-жорықтар, келісім, не өзара түсіністік тұрғысында, не болмаса қақтығыс, талас-тартыс, қарама-қайшылық тұрғысындағы мәміле үрдіс іске асады. Отбасылық қарым-қатынаста оның осы функциялары толық орын алады. Егер тартыс-талас, қарама-қайшылық, түсінбеушілік басым болса отбасында балаға дұрыс тәрбие беру мүмкіндіктері төмендейді. Қарым-қатынасы бұзылған отбасыларына психологиялық және психотерапиялық көмек көрсетуге көптеген психотехникалар пайдаланылады. Отбасының екі тармағы - ерлі-зайыптылар мен ата-ана – бала қатынасы кеңінен қарастырылып, олардың ерекшеліктері, артықшылықтары және қиындықтары талданып, одан шығару жолдары көрсетілді.

Адамдардың идеялық-адамгершілік ортақтығы. Әдетте, құндылықтарды бағалу сай келмеген жағдайда жұбайлар арасындағы немесе отбасындағы келіспеушілік, көбінесе отбасы өміріне немесе отбасындағы келіспеушілік, көбінесе отбасы өміріне немесе ондағы өзара қатынасқа сырттай бейтарап, елеусіз себептерге байланысты пайда болады. Кинофильмді, оқыған кітаптарды талқылау, таныс адамдардың мінез-құлқын бағалау сияқты кездейсоқ жағдайлар кенеттен өмірлік позицияны бағалауда елеулі келіспеушіліктің бар екенін көрсетіп береді.

Әлеуметтік-психологиялық үйлеспеушілік себептері болып көбінесе жұбайлардың білім, жас, жалпы мәдени дәрежелерінің айырмашылығы есептеледі. Үйлесімділікке білім айырмашылығы елеулі әсер ете қоймайды, жалпы

мәдениет, жеке адамның даму дәрежесінің маңыздылығын атап өту керек.

Отбасының әлеуметтік-психологиялық үйлесімділігіне балалардың өмірге келуі мен тәрбиеленуі, тұрмысты ұйымдастыру, бір-бірін моральдық, экономикалық және көмек жағынан сүйемелдеу, бос уақытты ұйымдастыру және сондай-ақ отбасының қоғамдағы өкілеттілігі сияқты отбасының негізгі міндеттерінің жүзеге асуына байланысты көзқарастар бірлігі де жатады. Жұбайлардың көзқарасының сәйкес келмеушілігі бір құндылықтарға артығырақ көңіл бөліп, басқалардан елемеушіліктен (тым шаруақорлық, «біз енді тек балалар үшін өмір сүруіміз керек», деп балаларға тым артығырақ аөңіл бөлу) ккрініп отырады [6].

Психологиялық және психофизиологиялық үйлесімділік. Үйлесімділіктің басқа түрлері (дәрежелері) болып психологиялық және психофизиологиялық үйлесімділік есептеледі. Үйлесімділіктің (немесе үйлесімсіздіктің) бұл түрлері жұбайлардың жеке басына, мінез және темперамент ерекшеліктеріне байланысты болады.

Өте күшті үйлеспеушілік эгоизм, жауапсыздық, жалқаулық, т.б. сияқты

кейбір жағымсыз мінез белгілерінің ұқсастығынан көрініп отырады.

Үйлесімді серіктердің бір қасиеттері ұқсас болады (бұл негізінен тәрбиеге байланысты болатын ақыл, құнттылық т.б. сапалар), ал, негізінен, табиғи, темперамент ерекшеліктерімен байланысты басқа сапалары қарама-қарсы болып кездеседі. Сондықтан үйлесімділіктің бұл түрі оның біріншісіне бағыныңқы тәрізді болып көрінеді. Отбасындағы жұбайлардың темпераменттері мен мінез ұқсастығы негізінде ғана емес, сонымен бірге олардың айырмашылығы болғанда да дұрыс жағдай жасалуы мүмкін.

Күнделікті өмірде өзіне үйлесімді адамды іздеуге салынудың орны жоқ. Әрине, ойдағыдай өмірлік серігінді таңдай білу өте маңызды. Бірақ бұл жерде де мінсіз еш нәрсе болмайды. Оның үстіне адамдар бұрынғысындай бір қалыпты болмай, үнемі өзгеріп отырады. Сондықтан ең маңыздырағы бір-бірінді түсіне білуге үйреніп, бірлесе өмір сүрудің қиындығын жеңуге тырысып, өз тілек, қажеттіліктеріңді басқа адамның талаптарымен үйлестіре білушілік болмақ.

#### Әдебиеттер.

1. Отбасылық өмір психологиясы: оқу құралы / Б.К. Каирова, Д.С. Тойымбетова. – Қостанай: ҚМПИ, 2016. – 144 б.
2. Ницше Ф. Человеческое, слишком человеческое. Быть великим – значит давать направление. – М.: Эксмо, 2016. – 545с.
3. Бердяев Н.А. О человеке, его свободе и духовности. Избранные труды/Ред. сост. Л.И.Новикова и И.Н.Сиземская. – М.: Изд-во «Флинта», 1999. – 312с.
4. Сқақова А.Ж. Отбасы жас ұрпақты әлеуметтендіру институты ретінде. Социология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2010. – 26 б.
5. Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке. - А., 1995.- 124 б.
6. Жаназарова З.Ж. Проблемы современной семьи в Казахстане: Монография. – А., 2007.

#### Әdebietter.

1. Otbasylыk өмір psihologiyasy: оқу құралы / B.K. Kairova, D.S. Tojymbetova. – Kостanaj: ҚМПИ, 2016. – 144 б.
2. Nicshe F. Chelovechesкое, slishkom chelovechesкое. Byt' velikim – znachit davat' napravlenie. – M.: Eksmo, 2016. – 545 s.
3. Berdyaev N.A. O cheloveke, ego svobode i duhovnosti. Izbrannye trudy/Red. sost. L.I. Novikova i I.N. Sizemskaya. – M.: Izd-vo «Flinta», 1999. – 312 s.
4. Sқақova A.ZH. Otbasы zhas ұрпақты әleumettendiru instituty retinde. Sociologiya ғылымдарының кандидаты ғылыми дәrezhesin alu үshin dajyndalған dissertaciyanуң avtoreferaty. –Almaty, 2010. – 26 б.
5. Arғыnbaev H.A. Қазақ halkындағы sem'ya мен neke. - A., 1995.- 124 б.
6. ZHanazarova Z.ZH. Problemy sovremennoj sem'i v Kazahstane: Monografiya. – A., 2007.

**Джумажанова Гульжанар Какимжановна**

**Лауазымы:** псих.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

**Пошталық мекен-жайы:** 071400, Қазақстан, Семей қаласы, Шмидт көшесі-44

**Байл. тел.:** 87783926076

**e-mail:** [dariya69@mail.ru](mailto:dariya69@mail.ru)

**Мамбет Асель Адилханқызы**

**Лауазымы:** Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, «Педагогика және психология» мамандығының 2 – курс магистранты

**Пошталық мекен-жайы:** 071400, Қазақстан, Семей қаласы, Шмидт көшесі-44

**Байл. тел.:** 87054655011

**Джумажанова Гульжанар Какимжановна**

**Должность:** к.псих.н., ассоциированный профессор, Казахский инновационный гуманитарно-юридический университет

**Почтовый адрес:** 071400, Казахстан, г. Семей, ул. Шмидта-44

**Сот. тел.:** 87783926076

**e-mail:** [dariya69@mail.ru](mailto:dariya69@mail.ru)

**Мамбет Асель Адилханқызы**

**Должность:** казахский инновационный гуманитарно-юридический университет, магистрант 2 курса специальности «Педагогика и психология»

**Почтовый адрес:** 071400, Казахстан, г. Семей, ул. Шмидта-44

**Сот. тел.:** 87054655011

**Zhumazhanova Gulzhanar Kakimzhanovna**

**Position:** PSH.candidate of science, associate professor, Kazakh humanitarian and Law Innovation University

**Postal address:** 071400, Kazakhstan, Semey, Schmidt Street, 44

**Connect. tel.:** 87783926076

**e-mail:** [dariya69@mail.ru](mailto:dariya69@mail.ru)

**Mambet Assel Adilkhankyzy**

**Position:** Kazakh humanitarian and Law Innovation University, 2nd year master's student of the specialty "pedagogy and psychology"

**Postal address:** 071400, Kazakhstan, Semey, Schmidt Street, 44

**Connect. tel.:** 87054655011